

Ауылдық (селолық) округтердің, ауылдар (селолар), кенттер әкімдерін сайлау туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 2001 жылғы 23 маусым N 633. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Қазақстан Республикасының Конституциясы 87-бабының 4-тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 36-тармағына сәйкес қаулы етемін:

1 . < * >

Ескерту. 1-тармақтың күші жойылды - ҚР Президентінің 2004.12.06. N 1484 Жарлығымен.

2. Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы: 2001 жылдың IV тоқсанында жекелеген әкімшілік-аумақтық бірліктерде тәжірибе ретінде әкімдер сайлауын тағайындасын, ұйымдастырсын және өткізсін ;

сайлау өткізілетін бірыңғай күнді және сайлау өтетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесін облыстардың әкімдерімен келіссін.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі, облыстардың әкімдері тәжірибе ретінде әкімдер сайлауын ұйымдық, материалдық-техникалық және қаржылай қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қолдансын.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті